

Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары мен олардың отбасыларына қызмет еткен жылдарын есептеу, зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау және төлеу тәртібі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 25 мамыр N 429. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.08.26. N 803 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары мен олардың отбасыларына қызмет еткен жылдарын есептеу, зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау және төлеу тәртібі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін, ол 1993 жылдың 1 ақпанынан күшіне енгізілсін

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі
Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 25 мамырдағы
N 429 қаулысымен
бекітілген

Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының
басшы және қатардағы құрамының адамдары мен
олардың отбасыларына қызмет еткен жылдарын
есептеу, зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау және
төлеу тәртібі туралы
Ереже

1. "Әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары мен олардың отбасыларын зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабына сәйкес зейнетақы тағайындау үшін қызмет еткен жылдарына:

Қазақстан Республикасының және бұрынғы КСРО-ның, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің Қарулы Күштеріндегі, басқа әскерлері мен әскери құрылымындағы және осы Достастықтың Біріккен Қарулы Күштеріндегі міндетті және контрактілі әскери қызмет;

бұрынғы КСРО мен ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің қауіпсіздік органдарындағы әскери қызметшілер лауазымындағы, ал 1955 жылдың 1 қазанына дейін - бұрынғы КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті бекіткен лауазымдар тізбесі бойынша жеделгер, басшы және бастықтар құрамының лауазымындағы, ал басқа лауазымдарда - әскери немесе арнайы атақ берілген күннен бергі, 1955 жылдың 1 қазанынан бастап - әскери қызметшілер лауазымындағы қызмет;

Қазақстан Республикасының, бұрынғы КСРО мен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ішкі істер органдарына офицерлік, сержанттық, басшы және қатардағы құрамының - лауазымдарында (соның ішінде тағлымгерлік лауазымдары да бар) лауазымға тағайындалған күннен бергі қызметі;

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Қарулы Күштеріндегі, қауіпсіздік және ішкі істер органдарындағы және осы мемлекеттердің заң шығарушы органдары құрған басқа да әскери құрамаларындағы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Біріккен Қарулы Күштеріндегі әскери қызметі. Бұл ретте, егер тиісті халықаралық келісімдерде өзгеше белгіленбесе, қызмет еткен жылдары (оның ішінде жеңілдікті шарттармен де) әскери қызметшілер аумағында қызмет атқарған сол мемлекеттердің заңдарында белгіленген тәртіппен есептеледі;

әскери-құрылыс отрядтарында (бөлімдерінде) әскери құрылысшы ретінде атқарған қызметі;

Қазақстан Республикасының қорғанысына жәрдемдесу қоғамының оқу орындарында ұшқыштар құрамының запастағы офицерлеріне оқытылып, әскери қызметке шақырылған адамдардың практикалық ұшу дайындығында болған - 1961 жылдың 1 қаңтарынан бергі уақыты;

халық депутаттарының Кеңестері мен олардың органдарында, мемлекеттік атқарушы өкімет пен басқарудың орталық және жергілікті органдарында, ведомстволарда, мекемелер мен ұйымдарда әскери қызметке қалдырылған немесе ішкі істер органдарында қызмет атқарған уақыты;

негізсіз қылмыстық жауапкершілікке тартылып, негізсіз репрессияланған, күштеп көшірілген және кейіннен ақталған әскери қызметшілердің ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарының қамауда, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеген және болған уақыты;

ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарына штаттағы жауап алушылар мен тергеу қызметкерлері ретінде жұмысқа ауысқан жағдайда судьялардың, прокурорлардың, тергеушілердің прокуратура мен сот органдарындағы лауазымдарында жұмыс істеген уақыты;

мемлекеттік өкімет пен басқару органдарында, прокуратурада, юстицияда,

ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындарында ғылыми қызметкерлер мен оқытушылар ретінде жұмыс істеген уақыты, сондай-ақ аспирантура мен докторантурада оқыған уақыты, және Қазақстан Республикасының Үкіметі тарапынан ішкі істер мен ұлттық қауіпсіздік органдарына жұмыс істеу үшін жіберілгендердің уақыты. Бұл ретте аталған санаттағы адамдарға олардың бұрынғы Қазақстан Компартиясының партиялық құрылымындарындағы стажы мен жұмыс істеген уақыты да есептеледі;

милицияда, еңбекпен түзеу мекемелерінде, әскерилендірілген өрт күзетінде, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының (қоғамдық тәртіпті сақтаудың) басқа да мекемелері мен құрамаларында офицерлік, басшы, сержанттық және қатардағы құрамының лауазымдағылардың - лауазымға тағайындалған күннен б а с т а п а т қ а р ғ а н қ ы з м е т і ;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде партизан отрядтары мен құрамаларындағы, халық жасақтарының бөлімдері мен құрамаларындағы қызметі;

егер әскери қызметші өз еркімен тұтқынға түспесе, тұтқында болған кезінде Отанына қарсы қылмыс жасамаса, әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарының тұтқында, қоршауда және арнайы тергеуде болған уақыты;

1944 жылдың 1 қаңтарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Украина, Белоруссия, Латвия, Литва мен Эстония аумағындағы ұлтшылдық астыртын ұйымдарды жою жөніндегі жауынгерлік операцияларында әскери бөлімдер мен бөлімшелер құрамына қатысқан уақыты;

егер бұл адамдар ішкі істер органдарындағы және Ұлттық қауіпсіздік комитетіндегі қызметтерінен өкілді органдардағы сайланбалы лауазымдарға депутаттар ретінде сайлануымен байланысты қызметтен босатылып, сайланбалы лауазымдары бойынша өкілеттіктері аяқталғаннан кейін қызметке қайтадан оралса, бұрынғы әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрамы адамдарының 1973 жылдың 23 қазанынан кейін халық депутаттары Кеңестерінің органдарында жұмыс істеген уақыты;

орманды жерлердегі еңбекпен түзету мекемелеріндегі ішкі істер органдарына басшы және инженер-техникалық қызметкерлері лауазымында қызметке алынғанға дейін, басшы құрамының лауазымына алынғанға дейін қызмет еткен жылдары үшін сыйлықтар алуға құқысы болған, 1982 жылдың 18 наурызынан кейінгі қызметшілер ретінде жұмыс істеген уақыты қосылады.

Қызметке 1991 жылдың 1 қаңтарына дейін қабылданған қауіпсіздік органдарының әскери қызметшілері мен ішкі істер органдары басшы құрамының адамдарына зейнетақы тағайындау үшін қызмет еткен жылдарын есептеудің олар қызметке қабылданғанға дейін партия, кеңес, кәсіподақ және комсомол органдарында жұмыс істеген уақытын сол қызмет еткен жылдарына қосып

есептеуге қатысты бұрын белгіленген тәртібі сақталады.

Ескерту. 1-тармақтың 10 абзацы сөздермен толықтырылды - ҚРМК-нің
1994 ж. 14 қараша N 1258 қаулысымен.

1-тармаққа өзгерістер енгізілген - ҚРҰ-нің 1996.04.29.
N 523 қаулысымен.

2. Міндетті әскери қызметке және ішкі істер органдарына жапастан алынған ішкі істер органдарының офицерлеріне, орта, аға және жоғары басшы құрамындағы адамдарға зейнетақы тағайындау үшін олардың қызметке алынғанға дейінгі азаматтық жоғары оқу орындарында немесе орта арнаулы оқу орындарында оқыған уақыты, бес жылға дейінгі шегінде - әр оқу жылы алты айға жатқызылып, қызмет еткен жылдарына қосымша есептелінеді.

Азаматтық жоғары оқу орындарында оқыған және студент болып жүргенде тікелей аталған оқу орындарынан оларды бітіргенше оқуын жалғастыру үшін жоғары әскери-оқу орындарына қабылданған офицерлер қызметінен босатылып, оларға зейнетақы тағайындалған кезде де оқыған уақыты қызмет еткен жылдарына осындай жолмен қосылады.

Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына шахталар мен кен орындарында еңбек жағдайы өте зиянды және тым ауыр жерасты жұмыстарында жұмыс істеген уақыттары өндірістердің, жұмыстардың, мамандықтардың, лауазымдар мен көрсеткіштердің Қазақстан Республикасының үкіметі бекіткен N 1-ші тізімі бойынша олардың қызмет еткен жылдарына қосымша есептелінеді.

3. Әскери қызметте болудың шектеулі жасына келуіне дейін және денсаулығы бойынша қызмет етуі шектелмесе де қызметтен босатылған, кейіннен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, ішкі істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен әскери және арнаулы құрамаларының басқа да лауазымды адамдарының шешімдері бойынша қызметтен босатылуы заңсыз деп танылуына байланысты қызметтеріне қайтадан қабылданған офицерлерге, прапорщиктерге, мичмандар мен мерзімнен тыс қызметтегі әскери қызметшілеріне, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына қызмет еткен жылдарын айқындаған кезде зейнетақы тағайындау үшін олардың қызмет еткен жылдарына жұмыс істемеген кездегі қызметінің үзілген уақыты қоса есептеліне алады.

4. Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына зейнетақы тағайындау үшін қызмет еткен жылдарына мынадай жеңілдіктер қосылады:

1) іс-қимылдағы армияның айыпты бөлімдерінің тұрақты құрамындағы бір ай қызметі алты айға есептелінеді;

2) мына төмендегі қызметтің бір айы үш айға есептеледі;

соғыс қимылдары кезеңінде майдандағы армияның, партизан отрядтары мен құрамаларының құрамына енген әскери бөлімдеріндегі, штабтары мен мекемелеріндегі;

майдандағы армияның құрамына енбеген, Ұлы Отан соғысы жылдарында қаһарман-қалалар: Одессада - 1941 жылдың 10 тамызынан 16 қазанға дейін, Ленинградта - 1941 жылдың 8 қыркүйегінен 1944 жылдың 27 қаңтарына дейін; Севастопольде - 1941 жылдың 5 қарашасынан 1942 жылдың 4 шілдесіне дейін және Сталинградта - 1942 жылдың 12 шілдесінен 19 қарашасына дейін болған әскери бөлімдердегі, штабтар мен мекемелердегі, ішкі істер мен мемқауіпсіздігі органдарындағы;

майдандағы армияның құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтар мен мекемелерде алған жарақаттың, контузияның, мертігудің немесе сырқаттануының салдарынан емдеу мекемелерінде емдеуде үзіліссіз жатқан уақыты;

1944 жылдың 1 қаңтарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Украина, Белоруссия, Латвия, Литва және Эстония аумағында ұлтшылдық астыртын ұйымдарды жою жөніндегі жауынгерлік операцияларындағы, ал осы операцияларда жарақат, контузия алып немесе мертіккен жағдайда емдеу мекемелерінде үзіліссіз жатқан уақыты;

1950 жылғы қарашадан 1953 жылғы шілдеге дейін ұрыс қимылдарына қатысқан 64-ші шабуылшы авиация корпусының құрамында болуы;

әскери қызметшілер ұрыс қимылдарына қатысқан төмендегідей басқа елдерде болған әскери бөлімдеріндегі, штабтар мен мекемелеріндегі; 1956 жылдың 24 қазанынан 10 қарашасына дейін - Венгрияда, 1950 жылдың маусымынан 1953 жылдың шілдесіне дейін - Солтүстік Кореяда (соның ішінде Солтүстік Кореядағы ұрыс қимылдарына қатысқан совет әскери бөлімдері мен бөлімшелері аумағында орналасқан ҚХР-де); 1962 жылдан 1964 жылға дейін - Алжирде, 1962 жылдың 18 қазанынан 1963 жылдың 31 наурызына дейін, 1967 жылғы маусым, 1968 жылы, 1969 жылдың наурызынан 1972 жылдың шілдесіне дейін, 1973 жылдың 5 қазанынан 1974 жылдың 31 наурызына дейін, 1974 жылдың маусымынан 1975 жылдың ақпанына дейін - Біріккен Араб Республикасында (Египет); 1962 жылдың 18 қазанынан 1963 жылдың 31 желтоқсанына дейін, 1967 жылдың қарашасынан 1969 жылдың желтоқсанына дейін - Йемен Араб Республикасында; 1961 жылдың қаңтарынан 1974 жылдың желтоқсанына дейін - Вьетнамда; 1967 жылғы маусымда, 1970 жылдың наурызынан шілдесіне дейін, 1972 жылдың қыркүйегінен қарашасына дейін, 1973 жылдың қазанында - Сирияда; 1967-1969 жылдары, 1975 жылдың қарашасынан 1979 жылдың қарашасына дейін - Мозамбикте; 1977 жылдың 9 желтоқсанынан 1979 жылдың 30 қарашасына дейін - Эфиопияда; 1972-1973 жылдары - Бангладеште (ӘТФ

кемелері мен қосалқы кемелерінің жеке құрамы үшін); 1970 жылдың сәуірінен желтоқсанына дейін - Камбоджада; 1924 жылдың тамызынан 1927 жылдың шілдесіне дейін, 1937 жылдың шілдесінен 1944 жылдың қыркүйегіне дейін, 1945 жылдың шілдесінен қыркүйегіне дейін; 1946 жылдың наурызынан 1949 жылдың сәуіріне дейін, 1950 жылдың наурызынан мамырына дейін (ӘҚӘ тобы үшін, Шанхай қаласының ауданы), 1950 жылдың маусымынан 1953 жылдың шілдесіне дейін - Қытайда; 1960 жылдың қаңтарынан 1963 жылдың желтоқсанына дейін, 1964 жылдың тамызынан 1968 жылдың қарашасына дейін, 1969 жылдың қарашасынан 1970 жылдың желтоқсанына дейін - Лаоста; 1979 жылдың 22 сәуірінен - Ауғанстанда болған, ал жараланған, контузия алған немесе мерткікен әскери қызметшілерге емдеу мекемелерінде үзіліссіз емделуде болған уақыты;

армиялары ұрыс қимылдарын жүргізген немесе басқа мемлекеттерге әскери көмек көрсеткен елдердегі - осы елдерге 1961 жылдың 1 қаңтарынан 1982 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде іссапарына жіберілген ұшқыштар құрамының әскери мамандарына, олардың ұрыс қимылдарына қатысқан-қатыспағанына қарамастан;

1949 жылдың 29 тамызынан 1963 жылдың 5 шілдесіне дейінгі кезеңде Семей ядролық сынақ полигонына жапсарлас аудандардағы қызметі (жұмысы);

1986 жылдың 26 сәуірінен 1987 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Чернобыль АЭС-дегі аварияның зардаптарын жоюмен және адамдары көшірілген аймақтағы (1986 жылы тұрғындары көшірілген аумақта) айналадағы ортаның ластануын болғызбаумен байланысты жұмыстардағы;

негізсіз қылмыстық жауапкершілікке тартылып, негізсіз репрессияланған, күштеп көшірілген және кейіннен ақталған әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарының қамауда, бас бостандығынан айыру орындарында жазаларын өтеген және айдауда болған у а қ ы т ы ;

4-тармақтың "1" және "2"-тармақшаларында көзделген жеңілдіктер жағдайында бұрынғы КСРО Қарулы Күштері БШ-ның тиісті тізбелеріне сәйкес іс-қимылдағы армияның құрамына енген әскери бөлімдердегі, штабтар мен мекемелердегі қызметі әскери қызметшілерге зейнетақы тағайындау үшін қызмет еткен жылдарына мына төмендегі кезеңдердің шегінде есептеледі;

- 1929 жылғы 15 шілдеден желтоқсанның 31-іне дейін - ҚШТЖ-да;

- 1938 жылғы 29 шілдеден 11 тамызға дейін - Хасан көлінде;

- 1939 жылғы 11 мамырдан 16 қыркүйекке дейін - Халкин-Гол өзенінде;

- 1939 жылғы қыркүйектің 17-сінен 28-іне дейін-КСРО-ға Батыс Украина мен Батыс Белоруссияның қосылуы кезінде;

- 1939 жылғы 30 қарашадан 1940 жылғы 13 наурызға дейін - Финляндиямен с о ғ ы с т а ;

- 1941 жылғы 22 маусымнан 1945 жылғы 9(11) мамырға дейін - фашистік Германиямен және оның одақтастарымен болған Ұлы Отан соғысында;

- 1945 жылғы 9 тамыздан 3 қыркүйекке дейін - империалистік Жапониямен соғыста болғандардың бір ай қызметі үш айға есептеледі.

3) Төмендегі қызметтің бір айы екі айға есептеледі:

Ұлы Отан соғысы жылдарында майдандағы армияның құрамына енген әскери бөлімдердегі, штабтар мен мекемелердегі, ішкі істер және мемлекет қауіпсіздігі органдарындағы (осы тармақтың үшінші және бесінші абзацтарында аталған жағдайлардан басқа);

егер тұтқындалу өз еркімен болмаса және әскери қызметші тұтқында жүріп Отанына қарсы қылмыс жасамаса, әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарының Ұлы Отан соғысы кезеңінде тұтқында болған уақыты;

тиісінше Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасы Ішкі әскерлерінің қолбасшысы, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті және Республикалық ұлан белгілеген шарттармен реактивтік және турбовинттік авиациядағы ұшу жұмысындағы;

осы Ережеге N 1 қосымшаның 1-бөлімінде аталған бұрынғы КСРО-ның шалғай жерлеріндегі;

осы Ережеге N 2 және N 4 қосымшада аталған, осы қосымшада көрсетілген кезеңдерде - ішкі істер жүйесінің кәсіпорындары мен ұйымдарындағы;

армиялары ұрыс қимылдарын жүргізген немесе басқа мемлекеттерге әскери көмек көрсеткен елдердегі - осы елдерге 1961 жылғы 1 қаңтардан 1982 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде мамандар ретінде (ұшқыштар құрамынан басқа) іссапарларына жіберілген әскери қызметшілерге, олардың ұрыс қимылдарына қатысқан-қатыспағанына қарамастан;

теңіз деңгейінен 2500 метр және одан да биік асқар таулы жерлерде: әскери қызметшілер үшін - 1976 жылғы 1 қаңтардан бастап, ал ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары үшін - 1985 жылдың 1 мамырынан бастап;

осы Ереженің N 4 қосымшасына сәйкес сүңгуір қайықтарда: тиісінше Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасы Ішкі әскерлерінің қолбасшысы, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті

белгілеген шарттармен 1986 жылғы 1 қаңтардан бастап қысымы жоғары су астында немесе барокамераларда ұзақ уақыт болу жағдайында атқаратын сүңгігіштер лауазымындағыларға;

алапес және оба ауруларына қарсы мекемелердегі, иммунитет тапшылығы вирустарын жұқтырған немесе СПИД-ке шалдыққандарды емдеу жөніндегі жұқпалы аурулар мекемелеріндегі қызметінің (жұмысының) бір айы екі айға е с е п т е л і н е д і .

4) Төмендегі қызметтің бір айы бір жарым айға есептеледі: мемлекеттік органдардың шешімдеріне сәйкес құрылған арнаулы әскери құрамалардағы қызметі;

тиісінше Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасы Ішкі әскерлерінің қолбасшысы, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті және Республикалық ұлан белгілеген шарттармен авиациядағы ұшу жұмысындағы;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі бекіткен мерзімдерде су бетіндегі атом кемелеріндегі;

су астындағы сүңгуір қайықтарында - олар сапта болған кезеңдегі; әскери миналарды сүзіп алу кезінде мина сүзуші кемелердегі;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі белгілеген шарттармен 1952 жылғы 22 қаңтардан бастап сапта болған сүңгуір қайықтар құрамаларының басқармаларындағы және әскери миналарды сүзу кезінде мина сүзуші кемелер құрамаларындағы;

барлық атаулары мен мамандықтарындағы (осы тармақтың "3" тармақшасында көрсетілген сүңгігіштерден басқасы) сүңгігіштер лауазымдарындағы;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Республикалық ұланы белгілеген жылдық нормаларды орындау кезінде міндеттерін орындау үнемі парашютпен секірумен байланысты лауазымдардағы;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі белгілеген шарттармен бөлімшелердің, лауазымдардың тізбелері бойынша 1991 жылғы 1 қаңтардан бастап ішкі әскерлер ұлттық қауіпсіздік органдарының, ішкі істер органдарының арнайы мақсаттағы бөлімшелеріндегі;

осы Ережеге N 1 қосымшаның II-бөлімінде аталған және сол бөлімде көрсетілген мерзімдерді ескере отырып - Ресей Федерациясының жекелеген жерлеріндегі;

осы Ережеге N 1 қосымшаның III-бөлімінде аталған, сол бөлімде көрсетілген мерзімдерді ескере отырып - Орта Азия мен Қазақстанның климаттық жағдайлары ауыр жерлеріндегі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экологиялық апат аймақтарындағы;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын қорғау жөнінде қызмет атқарып жүрген застава-лардағы, постылардағы, комендатуралардағы, БЖП-і бөлімшелеріндегі, ауысылымдары бар маневрлік топтардағы, кемелер мен катерлердегі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті бекіткен тізбе бойынша аталған Ереженің N 3 қосымшасына сәйкес 1976 жылғы I қаңтардан бастап шекара әскерлерінің басқа да бөлімшелеріндегі; ал аталған күнге дейін - застава-лардағы, комендатуралардағы және бұрынғы КСРО-ның мемлекеттік шекарасында орналасқан шекаралық әскерлердің оларға теңестірілген бөлімшелеріндегі, егер зейнетақы үшін қызмет еткен жылдарын есептегенде осы жерлерде атқарған қызметін есептеудің бұдан да жеңілдігі артық жағдайы белгіленбесе, осы Ережеге N 3 қосымшада аталған жерлерде сапта болған және мемлекеттік шекараны тікелей қорғаған теңіздегі шекаралық кемелер мен катерлердегі;

1968 жылғы 22 қарашадан бастап сапта болған дизельді-электр сүңгуір қайықтардың екінші экипаждарының құрамындағы;

Мурманск облысында болған кезінде корабльдер мен кемелерді Солтүстік теңіз жолымен орнын ауыстыру жөніндегі ерекше мақсаттағы экспедицияның құрамында болып, экспедиция аяқталғаннан кейін баруға тиісті портқа және тұрақты қызмет орындарына оралғанда - 1971 жылғы 22 қазаннан бастап;

теңіз деңгейінен 1500 метр және одан да жоғары биік таулы жерлердегі (2500 метр және одан да жоғары биік жерлердегі қызметтен басқасы): ішкі істер органдарының әскери қызметшілері үшін - 1973 жылғы I сәуірден бастап, басшы және қатардағы адамдар үшін 1985 жылғы I мамырдан бастап;

теңіз деңгейінен 1000-нан 1500 метрге дейін биік таулы жерлердегі, ал айрықша жағдайларда - тиісінше Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі және Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасы Ішкі әскерлерінің қолбасшысы, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті бекіткен әскери бөлімдер мен мекемелердің, ішкі істер органдарының тізбелері бойынша 1988 жылғы 1 қаңтарынан бастап одан төмен жерлердегі;

1974 жылғы 8 шілдеден бастап Байкал-Амур темір жолы арнасы мен БАМ - Тында-Беркамит темір жолы бағытындағы құрылыстар болған және қызмет көрсеткен (құрылыс жүрген кезеңдегі) темір жол және ішкі әскерлердің әскери бөлімдеріндегі, ішкі істер органдарындағы;

1975 жылғы 10 наурыздан бастап Байкал-Амур темір жолы арнасының Шимановская стансасындағы құрылыс индустриясы кәсіпорындарының кешені құрылысында болған темір жол әскерлерінің әскери бөлімдеріндегі;

1975 жылғы 1 шілдеден бастап Байкал-Амур темір жолы арнасы мен БАМ - Тында-Беркамит темір жолы желісін салуда қызмет көрсеткен қауіпсіздік органдарындағы ;

бұрынғы КСРО Байланыс министрлігіне берілген және 1976 жылғы 29 шілдеден бастап Байкал-Амур темір жолы арнасы трассасының бойымен радиорелелік байланыс желілерінің құрылысында болған бөлімдер мен әскери-құрылыс отрядтарындағы ;

1977 жылғы 4 шілдеден бастап Тюмень облысы Ханты-Манси автономиялық округінің аумағындағы Сургут-Уренгой темір жол желісі учаскесінің құрылысында болған темір жол әскерлерінің әскери бөлімдеріндегі;

1979 жылғы 23 тамыздан бастап Байкал-Амур темір жолы құрылысында болған бұрынғы КСРО Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдеріндегі, құрамаларындағы, кәсіпорындары мен ұйымдарындағы;

1980 жылғы 28 ақпаннан бастап Байкал-Амур темір жолы арнасының жасанды ғимараттарын күзеткен ішкі істер әскерлерінің бөлімшелері мен әскери бөлімдеріндегі және аталған арнаға жақын аудандарда мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз еткен қауіпсіздік органдарындағы;

1980 жылғы 1 қаңтардан бастап қорғаныстық тұғырлар құрылыстарының жауынгерлік есептемелер құрамында нығайтылған аудандарында жауынгерлік кезекшіліктерін атқарып жүрген (атқарған) әскери қызметшілерге;

1988 жылғы 1 қаңтардан 1990 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде Чернобыль АЭС-індегі апаттың зардаптарын жоюмен және халқы көшірілген аймақтағы (1986 жылы халық көшірілген аумақта) айналадағы ортаның ластануын болғызбаумен байланысты жұмыстардағы;

1963 жылғы 6 шілдеден 1992 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде Семей ядролық сынақ полигонына іргелес аудандардағы қызметі (жұмысы);

1988 жылғы 1 сәуірден бастап Ресей Федерациясының қаратопырақты емес аймағында автомобиль жолдарын салу мен қайта жаңарту жұмыстарында болған жол-құрылыс бөлімдеріндегі және оларды қамтамасыз етуші бөлімдердегі;

кезеңдерін тиісінше Қазақстан Республикасының және бұрынғы КСРО-ның Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасы Ішкі әскерлерінің қолбасшысы, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті белгілеген, жаппай қоғамға жат қылықтармен байланысты төтенше жағдайларда қоғамдық тәртіпті қорғау мен

мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындаушы құрамалардағы, әскери бөлімдер мен бөлімшелердегі, ішкі істер органдарындағы қызметінің бір айы бір жарым айға есептелінеді;

Ескерту. 4-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.04.29.

№ 523 қаулысымен.

5. Құпия: 1. КСРО МХҚ-нің 1991 жылғы 12 қыркүйектегі
№ 153 бұйрығына қосымша.

2. КСРО ПМ-нің 1991 жылғы 3 қаңтардағы № 8
бұйрығы мен КСРО ПМ-нің 1967 жылғы 12
қыркүйектегі № 225қ-нұсқауына қосымша.

6. Іс-қимылдағы армияның әскери бөлімдерінің, штабтары мен мекемелерінің әскери қызметшілеріне, Ұлы Отан соғысы жылдарында тұтқында болған әскери қызметшілерге, Чернобыль АЭС-індегі апат зардаптарын жою жөніндегі жұмыстарға қатысқан және Семей ядролық сынақ полигонына іргелес аудандарда қызмет атқарған немесе негізсіз қылмыстық жауапкершілікке тартылған яки қуғын-сүргінге ұшыраған әскери қызметшілерге көзделген қызмет ету жылдарын жеңілдікті жағдайда есептеуге жататын кезеңдерден басқа, міндетті қысқа мерзімді әскери қызметі зейнетақы тағайындау үшін қызмет еткен жылдарына күнтізбелік есептеу бойынша қосылады.

7. Әскери қызметте контракті бойынша болған әскери қызметшілерге, әскери қызметке солдаттар, матростар, сержанттар мен старшиналар қатарына ерікті түрде қабылданған әйелдерге осы қаулының 4-тармағындағы "3" және "4" тармақшаларында және 5-тармақта көрсетілген қызмет кезеңдері тиісті жеңілдікпен зейнетақы тағайындау үшін олардың қызмет еткен жылдарына 1976 жылғы 5 тамызынан бастап қана қосылады.

8. Әскери қарсы барлау бөлімі офицерлерінің, прапорщиктерінің, мичмандар мен мерзімнен тыс қызметтегі әскери қызметшілердің өздері қызмет көрсететін әскери бөлімдер мен құрамалардың әскер құрамымен бірдей жағдайдағы қызметі зейнетақы тағайындау үшін олардың қызмет еткен жылдарына осы әскери бөлімдер мен құрамалардың әскери қызметшілеріне есептелетін сондай жеңілдікті жағдаймен қосылады.

9. Жеңілдікті жағдайда зейнетақы тағайындағанда қызмет еткен жылдарына есептеу үшін қызметтің белгілі бір кезеңіне екі немесе одан да көп негіздер болған кезде жеңілдігі көбірек негіз бойынша қызмет еткен жылдары есептеледі. Бұрынғы қолданылған заңдарға сәйкес зейнетақы тағайындау үшін есептелген қызмет еткен жылдары осы Заң күшіне енгенге дейін мөлшерін азайту үшін қ а й т а д а н қ а р а л м а й д ы .

10. Зейнетақылар ақшалай үлестің мынадай түрлерінен есептеледі: жұмыстан босатылар алдындағы соңғы штаттық лауазымды еңбекақысынан (соның ішінде

сақталғанынан да), әскери немесе арнайы атағы бойынша еңбекақыдан, қызмет еткен жылдарына проценттік үстемеден, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Ішкі істер министрлігі белгілейтін азық-түлік сыбағасы құнының айлық сомасынан және тұрақты сипаттағы ақшалай үлестің қосымша түрлерінен (арттыру, қосымша ақы, үстеме ақы) е с е п т е л е д і .

1). Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына зейнетақы олар қызметтен босаған күніне дейін төленетін ақшалай үлес сомасынан, ал "Әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары мен олардың отбасыларын зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енгенге дейін қызметтен босағандар әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрамы адамдарының 1993 жылғы 1 ақпанға дейін олардың тиісті санаттары үшін белгіленген ақшалай үлес с о м а с ы м е н е с е п т е л е д і .

2). Ұшу жұмыстарынан, сүнгүйр қайықтардан (су асты крейсерлерінен), су асты атом кемелерінен (соның ішінде су үсті атом кемелеріне және су асты атом крейсерлеріне қызмет көрсеткен кемелеріне және су асты атом крейсерлеріне қызмет көрсеткен қауіпсіздік органдарының офицерлеріне, екінші экипаждар мен жасалып жатқан крейсерлердің экипаждарын қоса алғанда), мина сүзетін кемелерден денсаулығына немесе жасына байланысты еңбекақысы аз лауазымға ауыстырылған офицер құрамы адамдарына қызмет еткен жылдары үшін зейнетақы тағайындауға құқық беретін ауыстырылған қызмет еткен жылдары бар адамдарға зейнетақы зейнеткерлердің қалауы бойынша қызмет ауыстырғанға дейінгі соңғы штаттық лауазымы бойынша еңбекақысынан есептеледі. Ішкі істер органдарының офицерлік және басшы құрамындағы полковник әскери атағындағы немесе милиция полковнигі немесе ішкі істер қызметінің полковнигі арнайы атағындағы, сондай-ақ, оларға тең және жоғары дәрежелердегі адамдарға зейнетақы, егер олар қызмет мүддесі үшін осыған ұқсас себептермен және жағдайлармен лауазымынан ауыстырылғанда және ауыстырылғанға дейін осы лауазымда кемінде үш жыл істесе және ауыстырылған күнге қызмет еткен жылдары үшін зейнетақы алуға құқығы бар болса дәл осы тәртіппен есептеледі.

3). Қазақстан Республикасының өкілді және атқарушы органдарына, ведомстволарға, мекемелер мен ұйымдарға іссапарға жіберіліп, осы органдардың қызметкерлеріне белгіленген тәртіппен және сол мөлшерде еңбекақылар алған офицерлерге ішкі істер органдары басшы құрамының адамдарына зейнетақы қызметте жүрген офицерлер мен құрамдағы адамдардың тиісінше осыған ұқсас лауазымдары бойынша лауазымдық еңбекақылары негізге алынып есептеледі;

4). Мерзімді әскери қызметтен немесе ішкі істер органдарындағы қызметтен

әскери оқу орнын, ішкі істер министрлігінің оқу орнын бітіргеннен кейін немесе запаста жүргенінен әскерге шақырылудан кейін штаттағы лауазымына кіріскенге дейін босатылған офицерлерге, ішкі істер органдарының орта, аға және жоғары басшы құрамындағы адамдарына зейнетақы осы қаулының 10-тармағында көзделген тәртіппен, оларға жұмыстан босатылған күнге төленген ақшалай үлестің сомасынан есептеледі.

5). Басқа корабльдердегі, кемелердегі немесе жағалаудағы әскери бөлімдердегі тиісінше тең дәрежедегі қызметтерге ауысқан күнге дейін алып келген лауазымдық еңбекақылары сақтала отырып, атом сүңгуір крейсерлерінің, қосалқы атомдық энергетикалық қондырғылармен жабдықталған атом сүңгуір қайықтары мен дизельді сүңгуір қайықтардың ауыстырылған мичмандары мен мерзімінен тыс қызметтегі әскери қызметшілеріне зейнетақы сақталған лауазымдық еңбекақыдан әскери қызметтен босатылатын күнге дейін төленіп келген осы тармақта көзделген тәртіппен есептеледі.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді- ҚРҰ-нің 1996.04.29.

№ 523 қаулысымен.

11. Қызметтен босатылар алдында шалғай жерлерде қызмет еткені үшін жоғарылатылған еңбекақы алып келген әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына зейнетақы лауазымдық еңбекақыларының 15 процентінен артпайтындай болып есептеледі.

Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына запаста жүрген кезеңінде берілген кезекті әскери немесе арнайы атақтар оларға бұрын тағайындалған зейнетақыларды қайта қарау үшін негіз бола алмайды.

12. Қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарының отбасы мүшелеріне тағайындалатын зейнетақы асыраушысына зейнетақы есептелуге жататын ақшалай үлестің тиісті түрлерінен ереженің 10-тармағында көзделген тәртіппен есептеледі. Бұл ретте осы ереженің 10-тармағының "2"-тармақшасы қолданылмайды.

Аталған әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдары тарапынан қайтыс болған зейнеткерлердің отбасыларына зейнетақы асырушысының өзіне есептелген (қайта есептелген) немесе қайта есептеуге жатқан ақша үлесінен есептеледі (осы ереженің 10-11 тармақтары).

Экологиялық апаттар, Чернобыль апатына және ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен және осы аудандарда тұратын әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына

жататын зейнеткерлерге зейнетақы тағайындаудың жеңілдік жағдайлары қолданылып (Заңның 9-бабы), бұрын қабылданған нормативтік актілерге сәйкес белгіленген зейнетақыға үстемелер мен қосымша ақылар төленсін.

13. Қазақстан Республикасы немесе бұрынғы КСРО әлеуметтік қамсыздандыру туралы келісімдер (шарттар) жасасқан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің және өзге де мемлекеттердің әскери қызметшілеріне, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына, сондай-ақ аталған әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрамы адамдарының отбасыларына Қазақстан Республикасында зейнетақы тағайындағанда немесе зейнетақы төлеуді қайта жалғастырғанда, зейнетақылар Қазақстан Республикасы әскери қызметшілерінің, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарының тиісті санаты үшін Қазақстан Республикасының заңдары белгілеген ақшалай үлестен осындай қызмет жағдайында және осы Ереженің 10-12-тармақтарында көзделген басқа да тең жағдайларда есептелсін.

14. Сол жерлерде тұрған кезеңінде жұмысшылар мен қызметшілердің еңбекақысына коэффициенттер тағайындалған жерлерде тұратын әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдары қатарынан зейнеткерлерге зейнетақы (соның ішінде тағайындалатын ең төменгі мөлшердегісі де), сондай-ақ зейнетақыларға үстемелер мен зейнетақыны көтеру де осы жерлерде өндірістік емес саланың жұмысшылары мен қызметшілері үшін белгіленген тиісті аудандық коэффициентін қолдану арқылы есептеледі.

15. Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына бұрын тағайындалған зейнетақылар Заңның 55-бабында белгіленген мерзімдерде әскери қызметшілерге, басшы және қатардағы құрамы адамдарына тиісті ақшалай үлес сомасынан қайта есептеледі. Бұл ретте зейнетақының мөлшері қызметте жүрген әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарының ақшалай үлесі көбейтілген күннен арттырылады.

16. Қазақстан Республикасының қызметтен босаған әскери қызметшілеріне, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарына біржолғы және демалыс жәрдемақылары төмендегідей тәртіп пен мөлшерде:

- кемінде 10 жыл қызмет еткен және науқастығы, денсаулығының нашарлауы және штаттың қысқартылуы бойынша босатылғандарға - ақшалай үлесінің 5 айлық еңбекақысы, ал әскери қызметшінің атына кір келтіретін әрекеттер жасағаны үшін және заңды күшіне енген соттың айыптау үкіміне байланысты босатылғандардан басқа өзге де негіздер бойынша - ақшалай үлестің 2 айлық еңбекақысы;

- 10 жылдан астам қызмет еткендерге "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төленеді.

Әскери қызметшінің немесе басшы, қатардағы құрамның атына кір келтіретін әрекеттер жасағаны үшін немесе қылмыс жасағаны үшін (соның ішінде шартты түрде сотталуына байланысты) сотталуына байланысты қызметтен босатылған әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарына бір жолғы немесе демалыс жәрдемақысы төленбейді. Сондай-ақ ішкі істер органдарына қызметке ауыстырылуына байланысты міндетті әскери қызметтен босатылған әскери қызметшілерге және осы органдардан міндетті әскери қызметке қабылданған ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына бір жолғы немесе демалыс жәрдемақысы төленбейді.

17. Қызметтен жасы, штаттың қысқартылуы немесе денсаулығының нашарлауы бойынша зейнетақыға құқық берілмей босатылған офицерлерге, ішкі істер органдарының орта, аға және жоғары басшы құрамының адамдарына (осы тармақтың екінші абзацында көрсетілгеннен басқа) босатылған кезінде бір жолғы немесе демалыс жәрдемақы төлеумен бірге қызметтен босатылған күннен бастап бір жыл бойына әскери немесе арнайы атағы бойынша еңбекақысы төленуі сақталады. Бұл ретте егер қызметте жүрген әскери қызметшілерге және ішкі істер органдарының басшы құрамы адамдарына көрсетілген мерзім ішінде әскери немесе арнайы атағы бойынша еңбекақы арттырылса, қызметтен босағанына бір жыл өткенге дейін офицерлерге, ішкі істер органдарының орта, аға және басшы құрамының адамдарына олар қызметтен босағаннан кейін бір жыл өткенге дейін сол еңбекақыларының мөлшері де тиісінше арттырылады.

Қызметтен босар алдында Қазақстан Республикасының өкілді және атқарушы органдарында, ведомстволарда, мекемелер мен ұйымдарда еңбек еткен және босағаннан кейін бұрынғы жұмысында қалған офицерлер мен ішкі істер органдарының орта, аға және жоғары басшы құрамының адамдарына, сондай-ақ 2-3 жылға шақыру бойынша міндетті әскери қызметте жүрген офицерлерге де қызметтен босаған күннен бастап бір жыл бойына әскери немесе арнайы атағы бойынша еңбекақы төленбейді.

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.04.29.

№ 523 қаулысымен.

18. Осы Ереженің 16-тармағында көзделген бір жолғы және демалыс жәрдемақылары мыналарға:

офицерлер мен ішкі істер органдарының орта, аға және жоғары басшы құрамындағы адамдарға - штаттағы соңғы лауазымы, қызметтен босаған күнге дейінгі әскери немесе арнайы атағы бойынша төленетін еңбекақыдан, қызмет еткен жылдарына проценттік үстемеден, ал халық депутаттары Кеңестерінде

және олардың органдарында, мемлекеттік өкімет пен басқарудың орталық және жергілікті органдарында, ведомстволарда, мекемелер мен ұйымдарда жұмыс істеуге іссапармен жіберілген, қызметтен босар алдында осы органдардың қызметкерлері үшін белгіленген тәртіппен және сол мөлшерде жалақы алып келген адамдарға - қызметтен, лауазымнан босатылар күнге дейін алып келгендей белгіленген лауазымдық еңбекақыдан;

мерзімнен тыс әскери қызметтің, контракті бойынша әскери қызметтің прапорщиктеріне, мичмандарына және әскери қызметшілеріне, ішкі істер органдарының кіші басшылықтағы және қатардағы құрамының адамдарына - штаттағы соңғы лауазымы, қызметтен босаған күнге дейінгі әскери немесе арнайы атағы бойынша төленетін еңбекақыдан және қызмет еткен жылдарына проценттік үстемеден, ал әскери немесе арнайы атағы бойынша еңбекақы алмағандарға - қызметтен босар күнге дейінгі лауазымы бойынша төленетін лауазымдық жалақысынан есептелсін.

19. Әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары қатарынан зейнеткерлікке шығып, жұмыс істемейтіндерге және олардың отбасы мүшелеріне бала туғандағы жәрдемақы, кәмелетке толмаған балаларға жәрдемақы және олардың асырауындағы қайтыс болған отбасы мүшелерін жерлеуге жәрдемақы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мөлшерде төленсін.

20. Әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарының қатарында болған зейнеткер қайтыс болған жағдайда оны жерлеу үшін марқұмның отбасына зейнеткер қайтыс болған күнге дейін төленіп келген екі айлық зейнетақының көлемінде, бірақ есептік көрсеткіштің төрт еселенген мөлшерінен кем емес, жәрдемақы төленсін.

Қайтыс болған зейнеткерді оның отбасы мүшелеріне қатысты емес бөгде адамдар жерлеген жағдайда оларға осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген мөлшерде жерлеуге кеткен нақты шығындардың орны толтырылады.

Егер жерлеу мемлекет есебінен өткізілген болса, жерлеуге тиісті жәрдемақы төленбейді.

ЕСКЕРТУ. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.09.

№ 987 қ а у л ы с ы м е н .

21. Әскер қызметшілер, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары қатарынан қайтыс болған зейнеткерлердің отбасы мүшелеріне асыраушысынан айырылуына байланысты, зейнетақы тағайындалуына қарамастан, мынадай бір жолғы жәрдемақы: жұбайына (зайыбына) қайтыс болған күнге дейін төленіп келген асыраушының үш айлық зейнетақысы мөлшерінде және отбасының әрбір еңбекке жарамсыз мүшесіне бір айлық зейнетақы мөлшерінде төленеді.

Осы тармақта көзделген бір жолғы жәрдемақының мөлшерін анықтағанда жәрдемақы алуға хақылы отбасы мүшелерінің құрамына: жұбайы (зайыбы), оның жасы мен жұмысқа жарамды-жарамсыздығына қарамастан, 18 жасқа толмаған немесе одан жоғары, 18 жасқа толып, мүгедек болып қалған балалары немесе асыраушысы қайтыс болған күнге дейін күндізгі оқу орындарында оқып жүрген және 23 жасқа толмаған балалары; марқұмның асырауындағы ата-аналары; жасы 60-тағы ерлер, 55-тегі әйелдер немесе мүгедек болып қалғандар қосылады.

22. Әскери қызметі немесе ішкі істер органдарында қызмет атқару кезінде жарақаттану, контузия алу, мертігу немесе ауруы салдарынан I және II топтағы мүгедектері болып табылатын әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары қатарынан санаторийлерге емделуге ділгер зейнеткерлер, сондай-ақ III топтағы соғыс мүгедектері болып табылатын әскери қызметшілер қатарынан жұмыс істемейтін зейнеткерлер, алатын зейнетақыларының түрлеріне қарамастан, санаторийлік жолдамалармен тегін қамтамасыз етіледі.

23. Соғыс мүгедектері болып табылатын әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары қатарынан зейнеткерлерге санаторийлік жолдаманың орнына (өз қалауы бойынша) екі жылда бір рет мына мөлшерде: I және II топтағы мүгедектерге - екі еселенген мөлшерде және III топтағы мүгедектерге - бір мәрте мөлшерде, ал Заңның 24-бабының 2-тармағында көрсетілген себептермен I және II топтағы мүгедектерге - жасына байланысты ең аз мөлшердегі зейнетақының мөлшерінде ақшалай өтемақы төленеді.

24. Санаторийлік жолдамалар алумен санаторийге барып-қайту жолақыларын төлеу Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Ішкі істер министрлігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Ішкі әскерлер Қолбасшысының смета бойынша бөлінген қаражаты шегінде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Зейнеткерлерге санаторийлік жолдамалар медициналық көрсеткіштер негізінде, кезектілікті қатаң сақтай отырып, жылына бір рет қана облыстық әскери комиссариат, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Ішкі әскерлер Қолбасшысының, Ішкі істер министрлігінің зейнеткерлік органдары тарапынан беріледі.

Ескерту. 24-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.04.29.

N 523 қаулысымен.

25. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Ішкі істер министрлігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

шекараны күзету жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Ішкі әскерлер Қолбасшысының сметасы бойынша қаражат бөлініп, ол мұқтаж зейнеткерлерге жылына бір рет айлық зейнетақы мөлшерінде бір жолғы ақшалай көмек беруге, қайтыс болған әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарының балалары үшін сауықтыру шараларын өткізуге және асыраушысы қайтыс болуы жөнінде зейнетақылар төленетін зейнеткерлерге және зейнеткерлердің балалары үшін пайдаланылады.

Ескерту. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.04.29.

№ 523 қаулысымен.

№ 1 қосымша

Офицерлердің, прапорщиктердің, мичмандардың және мерзімнен тыс әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамдағы адамдарының қызметі зейнетақы тағайындау үшін жеңілдікпен және қызмет еткен жылдарына есептелетін Ресей Федерациясының шалғай жерлерінің Тізбесі

1. Қызметтің бір айы екі айға - жеңілдікті жағдайларда қызмет еткен жылдарына есептелетін шалғай жерлер:

Куриль аралдарында және Беринг теңізі аралдарында - 1945 жылғы 14 қыркүйектен;

Охот теңізі аралдарында: әскери қызметшілер үшін - 1949 жылғы 25 маусымнан, ал ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамдағы адамдары үшін - 1970 жылғы 1 қаңтардан;

Моржовец аралында: әскери қызметшілер және ішкі істер органдары басшы құрамындағы адамдар үшін (милициядан басқа) - 1949 жылғы 25 маусымнан; ал милицияның адам құрамы үшін - 1970 жылғы 1 қаңтардан;

Солтүстік Мұзды мұхит аралдарында әскери қызметшілер үшін - 1954 жылғы 30 тамыздан, ал ішкі істер органдарының басшы және қатардағы адамдары үшін - 1970 жылғы 1 қаңтардан;

Архангельск облысында - Поляр шеңберінен солтүстікке қарай Ненецк автономиясы округінің жерлерінде: әскери қызметшілер және ішкі істер органдары басшы және қатардағы құрам адамдары үшін (милициядан басқа) - 1949 жылғы 25 маусымнан, ал милицияның адам құрамы үшін - 1970 жылғы 1

қ а ң т а р д а н :

Коми Республикасында - Поляр шеңберінен солтүстікке қарай жерлерде: әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамдағы адамдары үшін (милиция басқа) - 1949 жылғы 25 маусымнан, ал милицияның адам құрамы үшін - 1970 жылғы 1 қаңтардан;

Тюмень облысында - Поляр шеңберінен солтүстікке қарай Ямал-Ненецк автономиялы округінің жерлерінде, халық депутаттары Салехард Кеңесінің әкімшілік бағынысындағы аумақ пен Салехард қаласында: әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамдағы адамдары үшін (милициядан басқа) - 1949 жылғы 25 маусымнан, ал милицияның адам құрамы үшін - 1970 жылғы 1 қаңтардан;

Краснояр өлкесінде - Таймыр (Долгано-Ненецк) автономиялы округінде, Поляр шеңберінен солтүстікке қарай Эвенк автономиялы округі және Турухан ауданының жерлерінде: әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдары үшін (милициясы) - 1949 жылғы 25 маусымнан, ал милицияның жеке құрамы үшін - 1970 жылғы 1 қаңтардан;

Якутия Республикасында - Поляр шеңберінен солтүстікке қарай жерлерде: әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамдағы адамдары үшін (милициядан басқа) - 1949 жылғы 25 маусымнан, ал милицияның адам құрамы үшін - 1970 жылғы 1 қаңтардан;

Магадан облысында - Чукот автономиялық округінде және бұған дейін Камчатка облысының Красноярск автономиялы округінің құрамына кірген Солтүстік-Эвенк ауданының аумақтарында - 1945 жылғы 14 қыркүйектен, Магадан облысының қалған аумақтарында: әскери қызметшілер үшін - 1949 жылғы 25 маусымнан, ал ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамдағы адамдары үшін - 1953 жылғы 17 желтоқсаннан;

Камчатка облысында - 1945 жылғы 14 қыркүйектен;

Хабаров өлкесінде - Охот, Аян-Майск және Тугур-Чумикан аудандарында: әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамдағы адамдары үшін (милициядан басқа) - 1949 жылғы 25 маусымнан; ал милицияның адам құрамы үшін - 1970 жылғы 1 қаңтардан.

2. Жеңілдік жағдайларда қызметінің бір айы қызмет еткен жылдарына бір жарым айға есептелетін шалғай жерлер

Мурманск облысында: әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамдағы адамдар үшін (милициядан басқа) - 1949 жылғы 25 маусымнан, ал Мурманск қаласында - 1951 жылғы 30 сәуірден, милицияның адам құрамы үшін - 1970 жылғы 1 қаңтардан,

Карелия Республикасында - Беломор, Калевала, Кемск, Костомуш , Лоух, Медвежьегорск, Муезерск, Сегеж, Суояр аудандарында және Костомуш қаласында - 1988 жылғы 1 қаңтардан;

Костомуш ауданы Калевала ауданының құрамынан бөлінген.

Архангельск облысында - Виноградовск, Лешуконск, Мегенск, Новодвинск , Пинежск, Онежск, Плесецк, Приморск, Соловецкий және Холмогор аудандарында, халық депутаттары Северодвинск қалалық Кеңесінің әкімшілік бағынысындағы аумақ пен Архангельск, Новодвинск және Онега, Северодвинск қалаларында, Поляр шеңберінің оңтүстігіне қарай Ненецк автономиялық округі жерлерінде - 1988 жылғы 1 қаңтардан; Вернетоемский және Ленский аудандарында - 1992 жылғы 1 шілдеден бастап;

Новодвинск және Соловецкий аудандары Приморск ауданының құрамынан б ө л і н г е н .

Қалмақ Республикасында - Октябрь ауданында - 1988 жылғы 1 қаңтардан б а с т а п ;

Коми Республикасында (осы тізбенің 1-ші бөлімінде көрсетілген жерлерден басқа) - 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Тюмень облысында - осы тізбенің 1-бөлімінде көрсетілген жерлерден басқа Ямал-Ненецк автономиялық округінде: әскери қызметшілер үшін - 1969 жылғы 7 тамыздан, ал ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамдағы адамдары үшін - 1970 жылғы 1 қаңтардан, Ханты-Мансийск автономиялық округінде - 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Алтай өлкесінде - Таулы-Алтай автономиялық облысының Оңгудай, Улаганск, Усть-Канск, Усть-Коксинск және Шебалинскі аудандарында - 1988 жы л ғ ы 1 қаңтардан ;

Томск облысында - Александровский, Бакчарский, Верхнекетский, Каргосокский, Колпашевский, Кривошеинский, Молчановский, Парабельский, Тегульдетский және Чайнский аудандарында, Колпашево және Стрежовой қалаларында, Томск ауданының Итатке поселкесінде - 1988 жылғы 1 қаңтардан;

Краснояр өлкесінде - Поляр шеңберінің оңтүстігіне Эвенк автономиялы округі мен Турухан ауданы жерлерінде, Солтүстік-Енисей ауданында: әскери қызметшілер үшін - 1969 жылғы 7 тамыздан бастап, ал ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамдағы адамдары үшін - 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап, Богучанский, Енисейский, Кежемский және Мотыгинский аудандарында, халық депутаттарының Лесосибирск қалалық Кеңесінің әкімшілік бағынысындағы аумақ пен Енисей және Лесосибирск қалаларында - 1988 жылғы 1 қаңтардан б а с т а п ;

Тува Республикасында - 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Иркутск облысында - Катанг ауданында: әскери қызметшілер үшін - 1969

жылғы 7 тамыздан, ал ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамдағы адамдары үшін - 1970 жылғы 1 қаңтардан, облыстың қалған аумағында: әскери қызметшілер үшін - 1985 жылғы 1 қаңтардан; ал ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары үшін - 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Якутия Республикасында (осы тізбенің 1-ші бөлімінде көрсетілген жерлерден басқа): әскери қызметшілер үшін - 1969 жылғы 7 тамыздан, ал ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамдағы адамдары үшін - 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Бурятия Республикасында, Чита және Амур облыстарында: әскери қызметшілер үшін - 1985 жылғы 1 қаңтардан, ал ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамдағы адамдары үшін - 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Приморск өлкесінде - Самарги өзенінен солтүстікке қарай Тернейск ауданының аумағында: әскери қызметшілер мен ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары (милициядан басқа) үшін - 1949 жылғы 25 маусымнан бастап, ал милицияның жеке құрамы үшін - 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап; өлкенің қалған аумағында: әскери қызметшілер үшін - 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, ал ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары үшін - 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Хабаровск өлкесінде - Ванинск, Николаевск, Кеңес-Гаваны және Ульчск аудандарында, Амурдағы Николаевск және Кеңес-Гаваны қалаларында: әскери қызметшілер мен ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары (милициядан басқа) үшін - 1949 жылғы 25 маусымнан бастап, ал милицияның жеке құрамы үшін - 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап, өлкенің қалған аумағында: әскери қызметшілер үшін - 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, ал ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары үшін - 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Сахалин облысында - Сахалин аралында - 1945 жылғы 14 қыркүйектен бастап, Монерон аралында - 1980 жылғы 1 қарашадан бастап.

3. Қазақстан мен Орта Азияның климат жағдайы ауыр жерлерінде қызмет еткен жылдар мынадай жеңілдікпен - бір ай қызметі бір жарым айға есептеледі (бұрынғы КСРО-ның шешімдерімен қабылданған):

Қазақстан Республикасы /
/Қазақстан Республикасы бойынша жеңілдіктер облыстар бойынша жеңілдік алған аудандарды қайта қарағанша күшінде болады.

Ақтөбе облысында - Байғанин, Мұғаджар аудандарында - 1988 жылғы 1 қаңтардан ;

Алматы облысында - Жамбыл, Іле, Кеген, Нарынқол, Талғар, Ұйғыр және Еңбекшіқазақ аудандарында - 1985 жылғы 1 қаңтардан, ал қалған аумақта - 1988 жылдан бастап ;

Шығыс Қазақстан облысында - Зайсан, Қатонқарағай, Күршім, Марқакөл және Тарбағатай аудандарында - 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Атырау облысында - Махамбет ауданында - 1985 жылғы 1 қаңтардан, ал облыстың қалған аумағында - 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Махамбет ауданының құрамына бұрынғы Балықшы ауданының аумағы кірген .

Жамбыл облысында - Қордай , Мойынқұм аудандарында және Жаңатас қаласында - 1985 жылғы 1 қаңтардан, ал Талас, Свердлов және Шу аудандарында - 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап ;

Қордай ауданының құрамына бұрынғы Красногор ауданының аумағы кірген.

Жезқазған облысында - Ағадыр және Жезді аудандарында, Қаражал қаласында және халық депутаттары Жезқазған қалалық Кеңесінің Жайрем поселкесінде - 1985 жылғы 1 қаңтардан; ал облыстың қалған аумағында - 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап; Қарағанды облысында - Мичурин және Қарқаралы аудандарында 1985 жылғы 1 қаңтардан, ал Егіндібұлақ және Нұра аудандарында - 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап ;

Қарқаралы ауданының Қарағайлы поселкесі бұрын Талды ауданының құрамына кірген .

Қызылорда облысында - Шиелі ауданында - 1985 жылғы 1 қаңтардан; ал облыстың қалған аумағында - 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Көкшетау облысында - Володар ауданында - 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Маңғыстау облысында - Ерәлиев ауданында, Жаңа өзен, Форт-Шевченко және Ақтау (Шевченко) қалаларында - 1985 жылғы 1 қаңтардан, ал Бейнеу мен Маңғыстау аудандарында - 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Ерәлиев ауданы, Жана Өзен, Форт-Шевченко және Шевченко қалалары бұған дейін бұрынғы Маңғышлақ облысының құрамына, ал кейіннен - Гурьев облысының (қазіргі Атырау) құрамына кірген.

Павлодар облысында - Май ауданында - 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Семей облысында - Ақсуат, Аягөз, Жарма, Мақаншы, Шұбартау аудандарында және Аягөз қаласында - 1985 жылғы 1 қаңтардан; ал Абай, Бесқарағай, Жана Семей (Семей қаласын қоспағанда) және Таскескен аудандарында - 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Талдықорған облысында - Алакөл, Андреев, Бөрлітөбе, Гвардия , Қапал, Киров, Сарқант, Талдықорған (Талдықорған қаласын қоспағанда), Панфилов

аудандарында және Текелі қаласында - 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап;
Гвардия ауданының құрамына бұрынғы Кербұлақ ауданының аумағы кірген.
Торғай облысында - Державин және Жақсы аудандарында - 1985 жылғы 1 қаңтардан; ал Арқалық қаласында - 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;
Державин және Жақсы аудандары сондай-ақ Целиноград облысының (қазіргі Ақмола) құрамына кірген.

Арқалық қаласы сондай-ақ Қостанай облысының құрамына кірген.
Ақмола облысында - Сілеті және Вишнев аудандарында - 1985 жылғы 1 қаңтардан; ал Қорғалжың-1) және Целиноград аудандарында (Ақмола қаласын қоспағанда) - 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

1) Қорғалжың ауданының құрамына бұған дейін Қарағанды облысындағы Теңіз ауданы аумағының бір бөлігі кірген.

Батыс Қазақстан облысында - Жанкелді, Тайпақ және Орда аудандарында - 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Оңтүстік Қазақстан облысында - Созақ, Сарыағаш аудандарында және Түркістан қаласында - 1985 жылғы 1 қаңтардан; ал Сарыағашта - 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Халық депутаттары Ленинск қалалық Кеңесінің әкімшілік бағынысындағы аумағы мен Ленинск қаласында - 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап.

Қырғызстан Республикасы

Ыстықкөл облысының Ақсу, Атбашы және Жетіөгіз аудандарында, Ош облысының Алай және Кеңес аудандарында - 1985 жылғы 1 қаңтардан; ал Ош облысының тоғыз тарау ауданында, Москва және Панфилов аудандарында - 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап.

Ыстықкөл облысының Атбашы ауданы және Ош облысының Тоғыз тарау ауданы бұған дейін бұрынғы Нарын облысының құрамына кірген.

Куляб облысының Дангари, Ленинград, Москва және Пархар аудандары, сондай-ақ Қорғантөбе облысының Жиликул, Кободиен, Құмсанғыр, Пянджин, Шаартуз және Яван аудандары бұрынғы Хатлон облысының құрамына кірген.

Тәжікстан Республикасы

Таулы Бадахшан облысында, Куляб облысының Дангарин, Ленинград, Москва және Пархар аудандарында .

Ашхабад ауданы (бұрынғы Гуяр ауданының аумағын қосқанда), Бахарден, Көк-тепе, Каахкин, Серах және Теджен аудандары бұған дейін бұрынғы Ашхабад облысының құрамына кірген, Қазандық және Красноводск аудандары, қызыл-Арбат ауданы (бұрынғы Қара-қала ауданының аумағын қоса) және Қызыл-атрек ауданы) бұрынғы Ғасан-көлі ауданының аумағын қоса) бұған дейін

бұрынғы Красноводск облысының, ал бұрынғы Достлук ауданы Чарджоу облысының құрамына кірген.

Түркіменстан Республикасы

Мары облысында, Меркен және Шаршанғын аудандарында, Керч қаласында және Чарджоу облыстық халық депутаттары Чарджоу қалалық Кеңесінің Нефтезаводск поселкесінде .

Өзбекстан Республикасы

Бұхар облысы Қаған ауданының Қарауылбазар қаласында, Қашқадария облысындағы Мүбәракта, Самарқан облысының Қатқорған және Советабад аудандарында, Зарафшан және Үшқұдық қалаларында, Бұхар облысының халық депутаттары Зарафшан қалалық Кеңесінің Бесаспан поселкесінде және халық депутаттары Үшқұдық қалалық Кеңесінің Көкпетас поселкесінде , Ангор, Гагарин, Жарқорған, Термез және Шерабед аудандарында, Сурхандария облысының Термез қаласында - 1985 жылғы 1 қаңтардан, ал республиканың қалған аумағында (Ташкент қаласын қоспағанда) - 1988 жылғы 1 қаңтардан б а с т а п .

Зарафшан және Үшқұдық қалаларын бұған дейін бұрынғы Науаи облысының құрамына, ал кейіннен Самарқанд облысының құрамына кірген.

Қазақстан Республикасының, Түркіменстан Республикасының және Әзірбайжан Республикасының әкімшілік бағыныстарындағы Арал теңізінің, сондай-ақ Каспий теңізінің аралдарында - 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап.

Ескерту: 1. Осы тізбеде көрсетілген тиісті аудандардың аумағындағы облыстық немесе республикалық бағыныстағы қалаларда қызметін өтеуші әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары зейнетақыға қызмет еткен жылдарына жеңілдікпен есептеу хұқын жалпы негізде пайдаланады (тізбеде көрсетілген жағдайлардан басқа) .

2. Тізбеде көрсетілген тиісті аудандардың аумақтарындағы қалаларда қызметін өтеуші әскери қызметшілері, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамның адамдары осы қалалар кейіннен облыстық немесе республикалық бағыныстағы қалаларға жатқызылғанда зейнетақыға қызмет еткен жылдарын жеңілдікпен есептеу құқын жалпы негізде п а й д а л а н а д ы .

Ішкі істер органдары басшы және қатардағы құрамдағы адамдарының 1970 жылғы қаңтардың 1-іне дейінгі қызметіне жеңілдікті жағдайларда зейнетақы тағайындау үшін қызмет еткен жылдарына есептелетін жерлер мен мекемелердің

Т і з б е с і

1. 1970-ші жылғы қаңтардың 1-іне дейін жеңілдік жағдайларында қызмет өткерген жылдарына бір ай қызметі екі айға есептелетін жерлер мен мекемелер:

Камчатка облысында, бұрын Камчатка облысы Коряк автономиялы округінің құрамына кірген Магадан облысының Солтүстік-Эвенк ауданы аумағында, Магадан облысының Чукотка автономиялы округінде, Куриль аралдарында және Беринг теңізі аралдарында - 1945-ші жылғы қыркүйектің 14-інен;

Поляр шеңбері бойынша оңтүстік шекарамен қоса алғанда Чукот түбегінен Канин түбегіне дейін Солтүстік Мұзды мұхит жағалауында, Түмен облысындағы Ямал-Ненецк автономиялы округінің Салехард қаласында және Салехард халық депутаттары қалалық Кеңесіне әкімшілік бағыныстағы аумақта, Хабаров өлкесінің Охот, Аян-Майск және Тугур-Чумиканск аудандарында және Моржовец аралында - 1949 жылғы маусымның 25-інен (милициядан басқа);

КСРО Ішкі істер министрлігінің Қиыр Шығыс құрылысы жүйесінде - 1945 жылғы қазанның 29-ы кезеңінен (Ванино қолтығында - 1947 жылғы ақпанның 17-сінен) 1953 жылғы наурыздың 18-іне дейін; ал КСРО Түсті металлургия министрлігі жүйесінде қызметтерін жалғастырған Қиыр Шығыс құрылысының басшы және қатардағы құрамдағы адамдары үшін - КСРО Ішкі істер министрлігі кадрларынан босағанға дейін, бірақ 1954 жылғы желтоқсанның 31-іне дейіннен
ұ з а қ е м е с ;

Магадан облысында (бұрын Камчатка облысы Коряк автономиялы округінің құрамына кірген Чукот автономиялы округінің Солтүстік-Эвенк ауданы аумағынан басқа) - 1953 жылғы желтоқсанның 17-сінен;

1945 жылғы желтоқсанның 30-ы кезеңінен Печорск көмір бассейнінде және Ухтинск комбинатында 1945 жылғы желтоқсанның 30-ынан бастап Қиыр Солтүстік ауданына жатқызылған және оған теңестірілген жерлер аумақтарында - 1970 жылғы қаңтардың 1-іне дейінгі мерзімге дейін (көрсетілген күннен кейін тек Поляр шеңберінен солтүстікке қарай орналасқан аумақтарда); Қиыр Солтүстік ауданына жатқызылмаған және оларға теңестірілген жерлерде, - жеңілдіктер күші тоқталған күнге дейін, бірақ 1959 жылғы шілденің 1-іне
д е й і н н е н ұ з а қ е м е с ;

Солтүстік-Печорск темір жол арнасы құрылысында және оны пайдалануда 1946 жылғы сәуірден мына мерзімдерге дейін: Қиыр Солтүстік ауданына

жатқызылған және оған теңестірілген жерлер аумақтарында, - жеңілдіктер күші тоқтатылған күнге дейін, бірақ 1970 жылғы қаңтардың 1-іне дейіннен ұзақ емес (көрсетілген күннен кейін - Тек Поляр шеңберінен солтүстікке орналасқан аумақтарда); Қиыр Солтүстік аудандарына жатқызылмаған және оған теңестірілген жерлер аумақтарында - жеңілдіктер күші тоқтатылған күнге дейін, бірақ 1959 жылғы шілденің 1-іне дейіннен ұзақ емес;

Норильск комбинатында - 1946 жылғы маусымның 1-інен;

501-ші құрылыста және ГУЛДЖС темір жол құрылысының Солтүстік басқармасында - 1947 жылғы сәуірдің 22-інен бастап 1953 жылғы наурыздың 18-іне дейін; ал 501 құрылыста және ГУЛДЖС темір жол құрылысының солтүстік басқармасында жұмыстарын жалғастырған басшы және қатардағы құрамдағы адамдары үшін - КСРО Ішкі істер министрлігі кадрларынан босаған күнге дейін, бірақ 1954 жылғы желтоқсанның 31-іне дейіннен ұзақ емес;

503-ші құрылыста - 1948 жылғы сәуірдің 14-і кезеңінен 1953 жылғы наурыздың 18-іне дейін, ал 503-ші құрылыста жұмыстарын жалғастырған басшы және қатардағы құрамдағы адамдары үшін - КСРО Ішкі істер министрлігі кадрларынан босаған күнге дейін, бірақ 1954 жылғы желтоқсанның 31-іне дейіннен ұзақ емес.

Самарги өзенінен солтүстікке қарай Примор өлкесінің Терней ауданы, Ванинск, Николаевск, Кеңестік Гавань және Ульча аудандарында, Хабаров өлкесінің Амурдағы-Николаев және Кеңестік Гавань қалаларында, Мурманск облысында (аумақтық милициядан басқа) - 1949 жылғы маусымның 25-інен; ал Мурманск қаласында 1951 жылғы сәуірдің 30-ынан.

Н 3 қ о с ы м ш а

1976 жылғы қаңтардың 1-іне дейін офицерлерге, прапорщиктерге, мичмандарға және мерзімнен тыс қызметтегі әскери қызметшілерге жеңілдік жағдайлармен зейнетақы тағайындау үшін шекара қызметінің бір айы бір жарым айға есептелетін жерлердің

Т і з б е с і

Бұрынғы КСР Одағының Поляр шеңберінің солтүстігінде, Түркістанда, Находка қаласы мен одан әрі Татар бұғазы және Охот теңізі жағалауларымен солтүстікке қарай Жапон теңізі жағалауларында, Чукотск автономиялы округінде, Камчатка және Сахалин облыстарында, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағының Грузиядағы, Армениядағы, Әзірбайжандағы, Тәжікстандағы, Қырғызстандағы, Қазақстандағы, Бурятиядағы, Тувадағы, Таулы-Алтай автономиялы облысындағы және Чита облысындағы мемлекеттік шекарасында теңіз деңгейінен 1500 метр және одан да жоғары биік таулы аудандарда орналасқан заставалар, комендатуралар және шекара әскерлерінің оларға теңестірілген

бөлімшелері (шекара бекеттері, техникалық байқау бекеттері, бақылау радиостанциялары және бақылау-өткізу пункттері).

Баренц, Жапон, Охот, Беринг теңіздерінде және Тынық мұхитта қызмет атқарған шекара теңіз корабльдері және катерлері.

Ескерту: Егер көрсетілген жерлерде 1945 жылғы қыркүйектің 14-інен кейін қызмет есептеудің мейлінше жеңілдік жағдайлары белгіленсе, олардағы шекара қызметі тиісті мерзімдерден бастап осындай мейлінше жеңілдік жағдайлармен есептеледі.

Н 4 қ о с ы м ш а

Офицерлер құрамындағы адамдарға, прапорщиктерге, мичмандарға және мерзімнен тыс қызметтің әскери қызметшілеріне, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау және төлеу үшін қызмет еткен жылдарын есептеудің

Т ә р т і б і т у р а л ы

1. Офицерлер құрамындағы адамдарға, прапорщиктерге, мичмандарға және мерзімнен тыс әскери қызметшілерге жеңілдік жағдайларында қызмет еткен жылдарының :

б і р а й ы б і р ж а р ы м а й ғ а ;

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тікелей қосынды қызмет атқаратын жеделгер құрамына, сондай-ақ арнайы мақсаттағы бөлімшелерде қызмет атқаратын барлаушы әйелдерге - Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы белгілеген шарттар мен мерзімдердегі бөлімшелер мен лауазымдар тізбесі бойынша е с е п т е л с і н .

2. Осы қаулының 3-ші тармағында көрсетілген қызмет кезеңдерінен басқа; офицерлер құрамындағы адамдарға, прапорщиктерге, мичмандарға және мерзімнен тыс әскери қызметшілерге зейнетақы тағайындау үшін қызмет еткен жылдарына бір айы екі айға сондай-ақ мына қызметі:

атом суасты крейсерлерінде, атом сүңгуір қайықтарында, қосымша атом энергетикалық қондырғылармен жабдықталған дизельді сүңгуір қайықтарда және арнайы энергетикалық қондырғылары бар сүңгуір қайықтарында (соның ішінде екінші экипаждардың және жасалынып жатқан атом суасты крейсерлерінің және атом сүңгуір қайықтары экипаждарының құрамында). Бұл ретте қосымша атом энергетикалық қондырғылармен жабдықталған атом крейсерлеріндегі, атом сүңгуір қайықтарындағы және дизельді сүңгуір қайықтарындағы қызмет экипажды оқу орталығында оқытудан бастап жеңілдік жағдайларында қызмет еткен жылдарына есептеледі, ал оқытылуға жатпаған

әскери қызметшілерге суасты крейсерінің (қайықтың) реактор жұмысының басталуынан есептеледі. Тұйық цикл бойынша жұмыс істейтін булы-газды турбиналық қондырғылар мен дизельді сүңгуір қайықтарындағы қызметі олардың сапта болған кезеңінен жеңілдік жағдайда қызмет еткен жылдарына есептеледі, ал аталған энергетикалық қондырғылармен жасалып жатқан қайықтарда - зауытта жүру сынағынан бастап есептеледі. Атом суасты крейсерлеріне (екінші экипаждарын және жасалып жатқан крейсерлер экипаждарын қосқанда) қызмет көрсеткен Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің айрықша бөлімдері офицерлерінің қызметі 1977 жылғы 24 наурыздан нақ осындай ретпен жеңілдікті жағдайларда есептеледі;

ауыр атомдық суасты крейсерлерінің техникалық экипаждары құрамында, атом крейсерлік және үлкен атомдық сүңгуір қайықтарының және атомдық терең су қабатындағы стансалардың (салынып жатқандарын қосқанда) аталған корабльдер мен стансаларда нақты қызмет атқарған уақыты үшін - 1981 жылғы 13 қарашадан басталған кезеңге есептеледі. Бұл ретте салынып жатқан ауыр атомдық суасты крейсерлеріне, крейсерлік атом және үлкен атомдық сүңгуір қайықтарына және атомдық терең су қабатындағы стансаларға қызмет ететін техникалық экипаждар құрамындағы қызмет корабль (станса) реакторы жұмыс істей бастауынан бұрын емес жеңілдік жағдайда қызмет еткен жылдарына есептеледі, ал 705-ші жобадағы атом сүңгуір қайықтарының техникалық экипаждары құрамындағы қызмет - 1970 жылғы 14 қыркүйектен бұрын емес р е т т е е с е п т е л е д і .

3. Осы ереженің 4-тармағында аталған қызмет кезеңдерінен басқа, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына зейнетақы тағайындау үшін қызмет еткен жылдарына жеңілдік жағдайлар:

қызметінің бір айы бір жарым айға: ішкі істер органдарының барлаушы әйелдеріне - Ішкі істер министрлігі белгілеген лауазымдар тізбесі бойынша және шарттармен 1991 жылғы 1 қаңтардан бастап; 205/2/080

егер әскери қызметші оқу орталығында оқығаннан кейін реактор жұмысқа қосылмаған атом крейсеріне немесе атом сүңгуір қайығына қызмет атқару үшін жіберілсе, осы корабльдердегі қызмет кезегі реактор жұмысы басталған күннен жеңілдік жағдайда қызмет еткен жылдарына есептеледі.

қызметінің бір айы 1,25 айға:

ішкі істер органдарының барлаушы әйелдеріне - Ішкі істер министрлігі белгілеген лауазымдар тізбесі бойынша және шарттармен 1965 жылғы 1 қыркүйектен 1990 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде есептелінеді.

